

**"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қазандағы N 294-ө  
Өкімі

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Заңды іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

3. Жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде Заңды іске асыру үшін тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 17 қазандағы  
N 294-ө өкімімен

бекітілген

**"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.30 N 145 ; 2009.05.08 N 63-ө Өкімдерімен.**

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты
1	2	3	4	5
1	Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы	2006 жылғы наурыз	

		Үкіметінің қаулысы		АШМ (жинақтау), ИСМ, Қаржымині
2	Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ олардың сыйақысы мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы наурыз	АШМ
3	Ауыл шаруашылығы өнімінің мемлекеттік ресурстарының көлемін, құрылымын, оларды қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы наурыз	АШМ
4	Агроөнеркәсіптік кешенді атаулы субсидиялау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы наурыз	АШМ
5	Мамандандырылған ұйымдарды қатыстырып, агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың тәртібін айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы наурыз	АШМ
6	Ауыл шаруашылығы санағын өткізудің тәртібі мен мерзімін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2006 жылғы желтоқсан	СА (жинақтау), АШМ
7	Ауылды оңтайлы қоныстандыру схемасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2013 жылғы маусым	АШМ (жинақтау), ЭБЖМ, Еңбекмині, облыс әкімдері
8	Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасын бекіту туралы	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2006 жылғы наурыз	АШМ
9	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне өтеусіз негізде берілетін ақпарат пен қызметтердің тізбесін бекіту туралы	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2006 жылғы наурыз	АШМ
	Тракторларды және олардың базасында дайындалған өздігінен жүретін шассилер мен тетіктерді, монтаждalған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен тетіктерін, өткізгіштігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу			

10	ережесін, жыл сайын мемлекеттік техникалық тексеруден өткізу ережесін, сондай-ақ көрсетілген көлік құралдары мен тіркемелерді, оның ішінде сенімхат бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу тәртібін, оларды жүргізу құқығына емтихан қабылдау және тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, куәліктер беру тәртібін белгілеу туралы	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2006 жылғы наурыз	АШМ
11	"Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіру туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 164 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылық жануарларын бірдейлендіруді жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2006 жылғы наурыз	АШМ
12	Ауылдық елді мекенді әлеуметтік және инженерлік жайластыру нормативтерін бекіту туралы	Уәкілетті мемлекеттік органдардың бұйрықтары	2007 жылғы маусым	АШМ (жинақтау), ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, МАСМ, ЭМРМ, ИСМ
13	Ауыл шаруашылығы өніміне алдыңғы күнтізбелік жылда қалыптасқан орташа жылдық нарықтық бағаны белгілеу әдістемесі	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2006 жылғы желтоқсан	АШМ
14	Сатып алынатын және сатылатын ауыл шаруашылығы өніміне тіркелген бағалар деңгейін бекіту туралы	Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы наурыз	АШМ

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:  
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі  
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі  
МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
м и н и с т р л і г і

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар  
м и н и с т р л і г і

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
м и н и с т р л і г і

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК